

Республикалық қазыналық мемлекеттік кәсіпорындар мен су көлігі мекемелерінің кемелеріндегі жүзу құрамы үшін азық-түлік шығынының нормалары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Бұйрық 1998 жылғы 10 наурыз N 54 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1995 жылғы 27 шілде N 559 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 723 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 29.10.2012 № 723 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Республикалық қазыналық мемлекеттік кәсіпорындар мен су көлігі мекемелері кемелеріндегі жүзу құрамының ұжымдық тамақтануын ұйымдастыруды бұдан әрі жетілдіру, осы мақсаттар үшін бюджеттен бөлінетін қаржыны дұрыс жұмсалуын бақылауды күшейту мақсатында,

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясы тағам институтымен көлік техникалық флот экипаждарының мүшелері үшін әзірленген Энергия, тағам заттары және азық жинағының уақытша нормасы N 1 қосымшаға сәйкес күшіне енгізілсін.

2. "Өзен" көлігі кәсіпорындарының жұмыстары мен қызмет көрсетулерін өзіндік құнын жоспарлау, есептеу және калькуляциялау жөніндегі әдістемелік кепілдемелер" Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен 1994 жылғы 14 шілдеде бекітілген 2.2. тармағына сәйкес қызметтік іссапарларға белгіленген тәуліктік төлемнің 60 процентінен аспайтын нормаларға сәйкес көлік және техникалық флот кемелері экипаждарының мүшелеріне тегін тамақ рационының құны белгіленсін.

3. "Жалпы пайдаланымдағы өзен көлігінің порттық және қызметтік-қосалқы кемелерінің жүзу құрамы үшін тегін ұжымдық азық құны туралы" Қазақ ҚСР Министрлер Кеңесінің жанындағы Өзен флотының бас басқармасы бастығының 1986 жылғы 21 қазандағы N 324 бұйрығы күшін жойды деп есептелсін.

Министр

1 9 9 8

ж ы л ғ ы

1 0

н а у р ы з д а ғ ы

N 54 бұйрыққа N 1 қосымша

Қазақстан Республикасының
 Ұлттық Ғылым Академиясы тағам
 институтымен көлік және техникалық
 флот экипаждарының мүшелері үшін
 тәулігіне бір адамға әзірленген Энергия,
 тағам заттары және азық жинағының
 уақытша нормасы _____

Тағамның аты	Тәулігіне бір адамға (граммен)
Қара нан	150
Бидай нан	250
Тәтті нан	50
Бидай ұны	10
Картоп крахмалы	5
Әртүрлі дақылдар	30
Бобалық	10
Макарон бұйымдары	25
Шошқа майы	10
Ас маргарині	10
Қант және кондитерлік бұйымдар	75
Қара шай	2
Майда кофе	3
какао (майда)	2
Картоп	300
Көкөністер, барлығы	345
соның ішінде пияз	30
әртүрлі көкөніс	60
жас помидор	30
жас қияр	30
жас капуста	60
қызыл сәбіз	30
қызылша	30
сарымсақ	5
томат пастасы	15
әртүрлі тұздықтар	55
шөмішке май	20

Сары май (шаруа)	20
Тұтас сүт	200
Қаймақ (майлығы 20 %)	25
Сүзбе (9%)	20
Сыр	20
Жұмыртқа (дана)	1/2
Ет (әртүрлі)	180
Колбаса бұйымдары	20
Ет консервілері	10
Балық (жас, мұздатылған)	30
Сельд (майлығы орташа)	10
Балық консервісі	10
Теңіз өнімі - капуста	10
Кепкен жемістер	15
Жемістер (әртүрлі)	200
Шырындар (әртүрлі)	100
Лимондар	10
Ас тұзы	8
Специя мен қоспалар	4
Жас ашытқыш	3
Майонез бен басқа соустар	5

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.